

№1 педагогикалық кеңес

«Білім беру ұйымының 2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Өткізілген күні: 2025 жылғы 28 тамыз

Өткізу форматы: офлайн

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірінғай тәсілді қамтамасыз ету, 2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Ұзақтығы: 90 минут

Өткізілген уақыты: 12:00

Өткізілген орны: Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының С.Сейфуллина атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі

Қатысушылар: Білім басқармасының, облыстық әдістемелік орталықтың, білім сапасында сапаны қамтамасыз ету департаментінің кітапхана ісінің бас маманы Гельманова А.Е.;

Білім басқармасының әдіскері Рахимжанова Қ.С., Мектеп директоры, директор орынбасарлары, пән мұғалімдері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог және басқа мектеп қызметкерлері

Қатыспағандар: 0

Хатшы: Наурзбаева Б.К.

Күн тәртібі:

1. «2025-2026 оқу жылына мектеп басшысының алғы сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау» мектеп басшысы Искакова О.С.
2. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (бейнеролик көру)(15.08.2025)
3. «2025–2026 оқу жылындағы білім беру процесінің ерекшеліктері» оқу ісі жөніндегі орынбасары Джалгасов Г.М.
4. «Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы» оқу ісі жөніндегі орынбасары Джалгасов Г.М.
5. «Жаһандану дәуіріндегі жас ұрпақ тәрбиесі: адал азамат, сапалы білім және ЖИ мүмкіндіктері» тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джакенов Н.К.
6. «Жасанды интеллект: Білім берудегі жаңа серпін.» ҒӘІЖ Жексенбаева А.Ж.
7. «Мектеп бойынша білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру» әлеуметтік педагог Адильханова А.С.
8. «Мектептің ұйымдастырушылық – шаруашылық қызметі туралы» басшының ӘІШ орынбасары Балташев К.Ш.
9. «Мектеп қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері» бастауыш сынып бойынша орынбасары Лукманова Г.К.

Тыңдалды: 1. «2025–2026 оқу жылына мектеп басшысының алғы сөзі, отырыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау»

Баяндамашы: мектеп басшысы Искакова О.С.

Мектеп басшысы Искакова О.С. педагогикалық кеңеске қатысушыларды жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтап, алдағы оқу жылына арналған негізгі мақсаттар мен міндеттерге тоқталды. Атап айтқанда, сапалы білім беру, тәрбиелік жұмыстарды жандандыру, заманауи технологияларды, оның ішінде цифрлық құралдар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажеттілігі баса айтылды.

Сонымен қатар, отырысқа шақырылған құрметті қонақтар таныстырылды:

Гельманова А.Е. – Білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің, облыстық әдістемелік орталықтың, білім басқармасының кітапхана ісі жөніндегі бас маманы;

Рахимжанова Қ.С. – Степногорск қаласы, білім басқармасының әдіскері.

Мектеп басшысы жаңа оқу жылында педагогикалық ұжымға қосылған жас мамандарды да таныстырып, ұжымға сәттілік тіледі.

Тыңдалды: 2. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025)

Педагогтар Мемлекет басшысының білім беру саласына қатысты тапсырмаларын тыңдап, оның ішінде мұғалім мәртебесін арттыру, цифрлық білім беру, жасанды интеллектті ендіру, әділетті және сапалы білім беру бағыттарына назар аударды.

15 тамызда Астанада еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен ұстаздардың республикалық Тамыз конференциясы өтті. Мемлекет басшысы білім беру саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Біздің ортақ міндетіміз – олармен танысып, мектепте іске асыру.

Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет.

Басты бағдарымыз – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. Бұл – әр сабаққа, әр сыныптан тыс іс-шараға енгізілуі тиіс тұтас философия. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларыңыз бен тәрбие сағаттарының жоспарына енгізілуі тиіс.

Екінші маңызды бағыт – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне біріктіру. Биылдан бастап біз ЖИ-ді жүйелі түрде енгізуді бастаймыз. Бұл компьютер мұғалімді алмастырады деген сөз емес. ЖИ – уақытты үнемдейтін әрі оқыту әдістерін кеңейтетін біздің цифрлық көмекшіміз.

1–11-сыныптың барлық оқушылары «Day of AI» курстарымен қамтылады. Барлық педагогтер Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтындағы «Орта білім беру жүйесінде ЖИ қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдармен» танысып, оны оқыту тәжірибесіне енгізу қажет.

Педагогтер үшін ЖИ қолдану бойынша деңгейлік курстар кезең-кезеңімен ұйымдастырылатын болады. Қазірдің өзінде әрбір педагогке сайтта ЮНЕСКО қолдауымен "Өрлеу" БАҰО әзірлеген онлайн курсқа қолжетімділік ашылды <https://reg.orleu.edu.kz/>. Жақын арада оқудан өту керек (барлығы – 8 сабақ және тест) және куәлік алу керек.

Сонымен қатар, мектепке білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін ішкі мектептік құжатты әзірлеп, бекіту қажет.

Үшінші маңызды мәселе – педагог мәртебесі. Мемлекет басшысы мұғалімдерді өзіне тән емес жұмыстарға тартудың жол берілмейтінін қадап айтты. Педагогтің міндеті – оқыту және тәрбиелеу. Мемлекет басшысының «ұстаз - ұлттың шамшырағы» ретіндегі рөлін жоғары бағалауы педагогтерге берілген сенімге сәйкес келуге міндеттей отырып, ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл үшін кәсіби біліміңіз бен дағдыларыңызды үздіксіз жетілдіру өте маңызды.

Төртінші – қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету сөзсіз төртінші басымдық болып табылады.

Бұл бағытта екі жаңа бастама қарастырылуда:

біріншісі – буллингке қарсы команданы қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингінің алдын алу бағдарламасын енгізу.

екіншісі – медицина қызметкерінің жаңа рөлін анықтау. Енді медицина қызметкер тек алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, сынып жетекшілерімен тығыз байланыста тәрбиелік жұмысқа да қатысады.

Сонымен, биылғы ең маңызды өзгерістердің бірі – ата-аналар комитеттерінің жұмысын трансформациялау. Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті туралы ереже» әзірленіп, барлық деңгейде өзара әрекеттесудің нақты тік құрылымы белгіленді.

Міндетіміз – «мектеп – ата-ана – қоғам» қағидаты бойынша шынайы серіктестік орнату. Жаңа құрылым келесідей ұйымдастырылады:

Сынып деңгейінде: алғашқы жиналыста сайланатын 3–5 ата-анадан тұратын комитет;

Білім беру ұйымының деңгейінде: әр сыныптан ұсынылған өкілдерден құралады;

Бұдан әрі бұл құрылым **аудандық, облыстық және республикалық** деңгейге шығады.

Мұндай жұмысты ұйымдастырудан күтілетін нәтиже – ата-аналарды мектеп өміріне толыққанды серіктес ретінде тарту.

3. «2025–2026 оқу жылындағы білім беру процесінің ерекшеліктері»

Баяндамашы: оқу ісі жөніндегі орынбасары Джалгасов Г.М.

Тыңдалды: Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Джалгасов Габит Мусабекович 2025–2026 оқу жылындағы білім беру процесінің ерекшеліктері туралы баяндамасы тыңдалды.

Баяндамада жаңа оқу жылындағы оқу бағдарламаларындағы өзгерістер, оқу жүктемесі, құжат айналымындағы жаңашылдықтар, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану, оқу жетістіктерін бағалау жүйесіндегі ерекшеліктер мен педагогтердің кәсіби даму бағыттары қамтылды.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру, білім сапасын арттыру, мектепішілік бақылау және оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы өзекті мәселелерге тоқталды.

Қорытынды: Педагогикалық кеңес мүшелері 2025–2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда енгізілетін ерекшеліктермен танысып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігін атап өтті. Білім сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану – негізгі басымдықтар ретінде белгіленді. Мұғалімдерге оқу-тәрбие процесін жаңаша ұйымдастыру, әдістемелік жұмысты жетілдіру және педагогикалық ынтымақтастықты нығайту тапсырылды.

Шешім:

- «2025–2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін;
- білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидаларын бекіту;
- білім беру процесінде жасанды интеллекті технологияларын қолдануды қамтамасыз ету, ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалар мен стандарттарын сақталуын реттейтін мектепішілік құжатты әзірлеп бекіту.
- білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдансын;
- мектеп әкімшілігінің міндеті мектептің негізгі міндеттері: білім беру сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту болып белгіленсін.

4. «Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы»

Баяндамашы: оқу ісі жөніндегі орынбасары Джалгасов Г.М.

Тыңдалды: Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Джалгасов Габит Мусабекович 2025–2026 оқу жылына арналған мектептің жылдық жұмыс жоспары бойынша баяндама жасады. Баяндамада оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, білім сапасын арттыру шаралары, әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысы, қосымша білім беру, инклюзивті білім беру, ата-аналармен жұмыс, цифрлық ресурстарды пайдалану және мектепішілік бақылау жұмыстары қамтылды. Жылдық жоспар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің талаптарына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және мектептің даму жоспарына сәйкес әзірленгені айтылды.

Қорытынды: педагогикалық кеңес мүшелері 2025–2026 оқу жылына арналған мектептің жылдық жұмыс жоспарын бірауыздан мақұлдап, бекітті. Жоспардағы міндеттер мен бағыттар мектептің білім сапасын арттыруына, оқушылардың жан-жақты дамуына және тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуіне ықпал ететіндігі атап өтілді. Жоспардың орындалуын әрбір педагог өз саласы бойынша жауапкершілікпен орындауға міндетті.

Шешім:

- мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;
- мектептің оқу жұмыс жоспары, оқу жүктемесі (тарификация), сабақ кестесі, мектепті дамыту жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары, педагогтердің біліктіліктерін арттыру жоспары бекітілсін.
- жауапты тұлғалар бекітілген жоспарлардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін.

5. «Жаһандану дәуіріндегі жас ұрпақ тәрбиесі: адал азамат, сапалы білім және ЖИ мүмкіндіктері»

Баяндамашы: тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джакенов Н.К.

Тыңдалды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джакенов Н.К. жаңа оқу жылындағы тәрбие жұмысының бағыттары мен басымдықтарын таныстырды. Баяндамада жаһандану жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау, оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру, адалдық, жауапкершілік, адамгершілік қағидаттарын бойына сіңіру мәселелері қарастырылды.

Сондай-ақ, жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын тәрбие процесіне тиімді енгізу жолдары айтылды. Оқушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру, киберқауіпсіздік, медиасауаттылық, тәрбие сағаттарының жаңа форматтарын енгізу туралы ұсыныстар берілді. 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары таныстырылды.

Қорытынды: Педагогикалық кеңес мүшелері тәрбиелік жұмыс бағыттарының заманауи талаптарға сай екендігін атап өтті. Ұжым ЖИ мүмкіндіктерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық және адамгершілік мәдениетін дамыту қажеттігін қолдады. Жоспар ұсынылған түрде қабылданды.

Шешім:

- 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары бекітілсін.
- Сынып жетекшілері тәрбие жұмысының бағыттарын негізге ала отырып, сынып жоспарларын дайындап, бекітсін.

- Тәрбие жұмысында цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесі енгізілсін.
- Оқушылардың азаматтық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
- Тәрбие сағаттарында оқушылардың кибермәдениеті мен медиасауаттылығын арттыруға назар аударылсын.

6. «Жасанды интеллект: Білім берудегі жаңа серпін»

Баяндамашы: ҒӘЖ жетекшісі Жексенбаева А.Ж.

Тыңдалды: Ғылыми-әдістемелік жұмыс жетекшісі Жексенбаева А.Ж. баяндамасында жасанды интеллекттің (ЖИ) білім беру саласындағы маңызы мен қолдану мүмкіндіктері туралы кеңінен тоқталды. Ол ЖИ-дің оқу процесін жекелеген оқушы деңгейіне бейімдеудегі, білім сапасын арттырудағы және мұғалімдердің жұмысын автоматтандырудағы тиімділігін атап өтті. Білім беруде қолдануға болатын ChatGPT, Khan Academy, Google Classroom, Bilimland сияқты ЖИ негізіндегі платформалар мен цифрлық ресурстар таныстырылды. Сонымен қатар, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар мен ЖИ құралдарын тиімді қолдану бойынша ұсыныстар берілді. Оқу үдерісінде оқушылардың өзіндік ізденіс дағдыларын дамыту үшін ЖИ-ді қолдану тәсілдері қарастырылды.

Қорытынды: Мұғалімдер ЖИ-дің білім берудегі рөлі мен болашағына қызығушылық танытып, оны сабақ үдерісінде тиімді пайдалану қажеттігін қолдады. Қатысушылар педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру бағытында оқыту курстарын ұйымдастыруды ұсынды.

Шешім:

1. Мұғалімдерге ЖИ құралдарын сабақ барысында қолдану ұсынылсын.
2. ҒӘЖ жетекшісі Жексенбаева А.Ж. мұғалімдерге арналған ЖИ пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындап, таныстырсын.
3. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында мектепішілік семинарлар мен тәжірибе алмасу сабақтары ұйымдастырылсын.
4. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту үшін ЖИ көмегімен жобалық жұмыстар, зерттеулер жүргізу мүмкіндіктері қарастырылсын.
5. ЖИ құралдарын пайдалану барысында педагогикалық әдеп пен этика талаптары қатаң сақталсын.

7. «Мектеп бойынша білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру»

Баяндама: әлеуметтік педагог Адильханова А.С.

Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Адильханова А.С. мектепте білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырудың тәртібі мен талаптары жөнінде баяндама жасады. Баяндамашы оқушыларды сапалы әрі қауіпсіз тағаммен қамтамасыз ету – мектептің басты әлеуметтік міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Мектеп асханасында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, ас мәзірінің Балалар тамақтануын ұйымдастыру ережелеріне сәйкестігі, тағам өнімдерінің сапасы, тамақтануға мониторинг жүргізу тәртібі, жауапты мамандардың жұмысы, сондай-ақ ата-аналар мен қамқоршылық кеңесінің бақылау жүргізу жолдары түсіндірілді. Тегін және жеңілдікпен тамақтанатын оқушылар тізімі нақты анықталып, құжаттар толық дайындалғаны хабарланды.

Қорытынды: Педагогикалық кеңес мүшелері мектеп асханасындағы тамақтану процесінің ұйымдастырылуы санитарлық нормалар мен ережелерге сай жүргізіліп жатқанын мақұлдады. Тамақ сапасына, оқушылардың денсаулығына тікелей әсер ететін бұл бағыттағы жұмыстарға ерекше назар аудару қажеттігі атап өтілді.

Шешім:

- Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру барысында санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталсын.
- Тамақтану сапасына үнемі бақылау жасау үшін мектеп әкімшілігі, медициналық қызметкер және қамқоршылық кеңес мүшелерінен тұратын комиссия жұмысы жандандырылсын.
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға тегін және жеңілдікпен тамақтану мүмкіндігін ұсыну үшін тиісті құжаттар толықтай рәсімделсін.
- Ас мәзірі үнемі жаңартылып, балалардың жас ерекшелігі мен физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестендірілсін.
- Оқушылар мен ата-аналар арасында тамақтану мәдениеті бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

8. «Мектептің ұйымдастырушылық – шаруашылық қызметі туралы»

Баяндама: басшының ӘІШ орынбасары Балташев Қ.Ш.

Тыңдалды: Мектеп директорының әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары Балташев Қ.Ш. 2025–2026 оқу жылына арналған мектептің ұйымдастырушылық–шаруашылық қызметі туралы баяндама жасады.

Баяндамада мектеп ғимараты мен аумағының санитарлық-гигиеналық жағдайы, оқу кабинеттерінің дайындығы, қауіпсіздік шаралары (өртке қарсы жүйе, бейнебақылау, турникет), жылу, жарық, сумен қамту мәселелері, мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту жұмыстары, жөндеу және жаңғырту жұмыстарының орындалуы туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар, жаңа оқу жылына дайындық барысында атқарылған жұмыстар мен алдағы кезеңге қойылған міндеттер баяндалды.

Қорытынды: Педагогикалық кеңес мүшелері мектептің ұйымдастырушылық–шаруашылық қызметі жаңа оқу жылына дайын екенін мақұлдады. Қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету бағытында жүргізілген жұмыстар оң бағаланды. Мектеп әкімшілігі мен жауапты қызметкерлерге алдағы уақытта да материалдық-техникалық жағдайды жақсарту, ғимараттың пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша жұмыстарды жүйелі жалғастыру тапсырылды.

Шешімі:

- Мектептің ұйымдастырушылық-шаруашылық жұмыстарын жаңа оқу жылына толық дайын деп есептеу.
- Балташев Қ.Ш.-ға мектеп ғимаратының техникалық қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сәйкестігін үнемі бақылауда ұстау тапсырылсын.
- Пән кабинеттері мен лабораториялардың материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жалғастырылсын.
- Мектеп аумағының тазалығы мен қауіпсіздігін сақтау жұмыстары күнделікті қадағалауда болсын.
- Апатты жағдайлардың алдын алу мақсатында инженерлік жүйелердің (жарық, жылу, су, өрт қауіпсіздігі) үнемі техникалық бақылауы ұйымдастырылсын.

9. «Мектеп қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері»

Баяндамашы: БОЖО (бастауыш ұйым жетекшісі) Лукманова Г.К.

Тыңдалды: БОЖО жетекшісі Лукманова Г.К. мектеп ұжымы алдында ішкі еңбек тәртібі ережелерімен таныстырды. Баяндамашы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Білім туралы Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері, жұмыс тәртібі, еңбек және демалыс режимі, тәртіптік жауапкершілік шаралары жөнінде толық ақпарат берді. Мектептегі жұмыс уақытының сақталуы, кешігулер мен жұмыс орнын себепсіз тастап кетудің салдары, ұжым ішіндегі қарым-қатынас мәдениеті, еңбек қауіпсіздігі және кәсіби этика нормаларын сақтау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, педагогтардың жұмыс жүктемесі мен құжаттарды уақытылы және сапалы жүргізуі тиіс екені ескертілді.

Қорытынды: Педагогикалық кеңес мүшелері ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен толық танысып, ондағы талаптарды орындау қажеттігін мойындады. Жұмыс тәртібін бұзуға жол бермеу, кәсіби жауапкершілік пен еңбек тәртібін сақтау туралы пікірлер айтылды.

Шешім:

- Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелері бекітілсін және барлық қызметкерлерге таныстырылды деп есептелсін.
- Мектеп қызметкерлері еңбек тәртібін, жұмыс уақыты мен кәсіби этика нормаларын қатаң сақтасын.
- Кешігу, себепсіз жұмыс орнын тастап кету, еңбек тәртібін бұзу жағдайлары болғанда тиісті тәртіптік шаралар қолданылсын.
- Педагогтар мен қызметкерлер өз міндеттерін толық әрі сапалы орындауға, еңбек тәртібінің барлық талаптарын сақтауға міндетті.
- Мектеп әкімшілігі тарапынан ішкі еңбек тәртібінің орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Төрайымы: О.С. Исакова
Хатшы: Б.К. Наурызбаева

